| | |
|---|---|
| Бекітемін: | Тексерілді: |
| Балабақша меңгерушісі: | Балабақша әдіскері: |
| _______ Л.Бакешова | _______ А.Айғабыл |

# «Жеті лақ»

**ертегісі**

**«Айзере» ересек тобы**

**Тәрбиеші: Айжигитова Г.**

**Әбілғазы Г.**

2023 жыл

«Жеті лақ» ертегісі

АВТОР: Ертеде ешкі жеті лағымен орманда өмір сүріпті.

МУЗЫКА ҚОЙЫЛАДЫ

ЕШКІ: Ал, балалар мен сендерге өзімнің жеті лағымды таныстырайын.

1-ші: (Бекасыл) Бұл менің тұңғыш лағым, бауырларының қамкоршысы.

2-ші: (Румейса) Бұл менің сүйкімді сұлу лағым, менін көмекші лағым.

3-ші: (Жандос Адина) Бұл менің пысық лағым.

4-ші: (Төлеген Адина) Бұл менің сабырлы лағым, сұлу лағым.

5-ші: (Асан) Бұл менің тентек, бұзық лағым.

6-шы: (Фатима) Бұл менің сүйкімді аңқау лағым.

7-ші: (Медина) Бұл менің ең кішкентай ерке, кенже лағым.

Ал, лақтарым, аналарың орманға барып сендерге азық алып келеді. Мен есікті қағып, «лақтарым, шырақтарым, мен аналарыңмын, есікті ашыңдар, мен сендерге азық әкелдім» деп әндетемін. Сол кезде ғана есікті ашыңдар, жарай ма?

АВТОР: Осылайша, ешкі үйінен шығып кетеді. Ал сол маңда қасқыр торуылдап жүр еді, ол лақтарды алдамақшы болып, есік қағады.

ҚАСҚЫР: Лақтарым, есікті ашыңдар, мен аналарыңмын. Сендерге азық әкелдім.

АВТОР: Бұл дауысты естіген лақтар, оның қасқыр екенін даусының жуандығынан біліп қояды.

МЕДИНА: Сен біздің анамыз емесссің, анамыздың дауысы әдемі, сен қасқырсың, есікті ашпаймыз.

АВТОР: Бұл дауысты естіген қасқыр, қалайда лақтарды алдаудың жолын іздейді. Сөйтіп, ол орманға барады. Келе жатқанда әндетіп жүрген тауықты көреді.

ҚАСҚЫР: Тауықжан, даусың неткен керемет, мағанда осылай ән салуды үйретші.

ТАУЫҚ: Жарайды, ол үшін сен мына жұмыртқаны ішуің керек. Сол кезде даусың керемет шығатын болады.

ҚАСҚЫР: Рақмет, тауықжан, дәл қазір ішіп аламын.

АВТОР: Жұмыртқаны ішіп алып қасқыр лақтарға қайта келеді.

ҚАСҚЫР: (даусын жіңішкертіп айтады) Лақтарым, шырақтарым, мен аналарыңмын, есікті ашыңдар, мен сендерге азық әкелдім.

АВТОР: Бұл дауысты естіп, лақтар есікті ашады. Қасқыр лақтарға тап беріп, оларды алып кетеді. Бірақ , бір лақ тығылып қалады. Сәлден соң, үйіне ешкі оралады. Ол үйінің есігі ашық жатқанын көреді.

ЕШКІ: Лақтарым, қайдасыңдар? Мұнда кім келген, үй шашылып жатыр.

АВТОР: Бұл дауысты естіп тығылып қалған лақ шыға келеді.

АСАН: Анашым, анашым, бауырларымды қасқыр алып кетті. Мен қатты қорықтым, сосын тығылып қалдым.

ЕШКІ: Аппақ лағым менің, енді не істесем екен? Қанекейі екеуміз бауырларыңды іздейік.

АВТОР: Осылай ешкі мен лағы орманда келе жатқанда екі қоянды көреді.

ЕШКІ: Қояндар, сендер қасқыр мен лақтарымды көрмедіңдер ме?

ҚОЯНДАР:(АСЫЛХАН МЕН АҚТОТЫ) Иә, көрдік, олар орман шетіне қарай кетіп қалды. Бірақ сізге біз көмектесе аламыз. Ол үшін біз аю ағайдан көмек сұраймыз.

ЕШКІ: Жақсы, рақмет, ендеше аюға барайық.

АВТОР: Ешкі лағымен, қояндардың ізіне еріп аюға келеді. Ешкі болған жағдайды аюға айтады. Мұны естіген аю қатты ашуланады.

АЮ: Қап, мына қасқырды ма, қазір мен оны жөнге саламын.

АВТОР: Осылайша, аю барлығын ертіп, қасқырды іздеп табады.

МУЗЫКА ҚОЙЫЛАДЫ, АЮ ҚАСҚЫРДЫ ҚУАДЫ. АЮ ҚАСҚЫРДЫ ҰСТАП АЛЫП:

АЮ: Қап, бәлем, сен қасқырды ма, неге лақтарға тиісесің, мен сені қазір орманнан қуып жіберемін.

ҚАСҚЫР: Жоқ, аю, олай істемеші, енді лақтарға тиіспеймін. Кешірші, ешкі.

АВТОР: Осылай қасқыр ешкіден кешірім сұрап, лақтарын қайтып беріп, қашып кетеді. Ешкі лақтарын бауырына басып, енді оларды жалғыз қалдырмауға уәде береді. Және аюға алғысын айтып, үйіне оралған екен. Бұдан шығатын қорытынды, ешкімге зиян келтіруге болмайды. Өзіңнен кішілерге тиісіп қорқытуға болмайды. Ал, балалар, сендерге ертегі ұнады ма? Назарларыңызға рақмет.








“Айзере” ортаңғы тобы
“Жеті лақ” ертегісі қойылымы



**«Нұрай» жеке балабақшасында**

**Сахналық ертегі қойылым**

**Анықтама**

«Айзере» ересек тобының **«Жеті лақ»** атты ертегі қойылым ұйымдастырды. Сахналау барысында ертегінің ән, билерімен , тақпақ шумақ тары жақсы орындалды. Тәрбиешінің балаларға дайындаған сахналық киімдері үйлесімді болды. Балалар арасында дайындық өте жақсы.. Әр-бір сөзі жаңылмай айтып берді. Ертегіге сай сахнасын әсемдеген .

Өте жақсы деген баға

**Әдіскер:** **А.Айғабыл**

«Нұрай» жеке балабақшасы

**Бекітемін:**
**Балабақша меңгерушісі:**
**«НҰРАЙ»** ____________ **Л. Бакешова**

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері:**
____________ **А.Айғабыл**

# *Ашық есік күні*

## *«Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру»*

«Айзере»ересек тобы

Тәрбиеші: Айжігітова Г.

2022-2023 оқу жылы

# *Ашық есік күні*

**Мақсаты:**Ата-анамен бірлесе отырып,баланың күні бойы не жасайды,не үйренеді деген сұраққа жауап алады.

**Тақырыбы:**Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру.

Балаларды қабылдау:Сәлемдесіп,балаларды керемет көңіл-күймен,әр түрлі ойыншықтармен қарсы алу.

Үстел үсті ойыны:Пазл,дене бөліктерді табу,пішіндерді түстеріне қарай табу,түстеріне қарай ойыққа орналастыру.

Таңғы жаттығу:Қазақстан Респуликасын мемлекеттік әнұранын айту.

Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешенін жасау.

Ас алдында гигиеналық шараларды орындау қолды дұрыс жуу,өз орамалының орнын білу,қолды дұрыс сүрту,орамалды ілу.

Ереже :Тамақ ішер кезде енді.

Сөйлемейміз күлмейміз.

Астан басқа өзгені,

Елемейміз,білмейміз

Гигиена шарасын сақтау.

Үйірме жұмысы:Үйірме жетекшісі Беденова Г. «Ұлттық асық»

«Сиқырлы асық қолбағы»

Шаттық шеңбер:

Аманбысың ба,Алтын күн!

Амансың ба Жарқын күн!

Амансың ба Достарым!

Сендерді көрсем қуанам!

Балалардан Жыл мезгілдерін сұрап,4мезгілдің Қыс мезгіліне тоқталып кеңінен таныстырып,қыс мезгілінде болатын құбылыстарды ажырату.

Дамытушы Орталыққа әр баланы қыс мезгілінің кейіпкерлерімен бөліп жайғастыру.Әр Дамытушы орталықтағы ойындармен таныстырып,қолмен көрсету арқылы бағалау.

Сергіту сәті:Түрлі қолдармен жасайтын жаттығулар жасау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке көшеміз.

«Балаларды киіндру.»Мақсаты:Берілген суретте балалардың киімін кигіземіз.

«Пуантализм»әдісімен сурет салу.Мақсаты:Таяқшамен берілген суретті бояу.

«Аяз ата».Мақсаты: Аяз атаның сақалын клеймен мақтаны жапсыру.

«Шырша безендіру».Мақсаты:Берілген шыршаның суретіне пласталин арқылы безендіру.

Сергіту сәті:музыка ырғағымен

Музыка жетекшісі:Жетеулиева Т.

Серуен:Мұзды бақылау.

Судың қалай мұзға айналатынын айту,мұзбен ойнайтынымызды айтып түсіндіру.

Серуеннен оралу.Гигиена шараларын сақтау.

Балаларға түрлі қыс туралы,жаттаулар айтқызу.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады, қатады,

Жып-жылтыр боп жатады.

Гигиена шарасы

Түскі ас

Гигиена шарасын сақтау.

Түскі ұйқы.Баяу ән тыңдау арқылы баланы ұйықтату.

Ұйқыдан тұру.Ән арқылы ұйқы ашар жаттығу жасату.

Гигиена шарасын сақтау

Бесін ас

Гигиена шарасы

Күн тәртібіндегі келесі кезең психолог жұмысы.

Қимылды ойын.»Пішіндерді табу»

Гигиена шарасы.Кешкі ас. Гигиена шарасы

Күннің жартысын,ата-ана ертегі оқып жалғастыру.

Балалардың үйге қайтуы.


"Нұрай" жеке балабақшасы
"Айзере" ересек тобы. Ашық есік күні
"Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру"
Тәрбиеші: Г.Айжигитова
12.10.2022 ж
2022-2023 оқу жылы

**«Нұрай» жеке балабақшасында**

**ұйымдастырылған Ашық есік күні**

# Анықтама

**02.12.2022 жылы «Айзере» ересек тобында** тәрбиешісі: Айжигитова Гульсана. Ата-аналардың қатысуымен.Тақырыбы:«Ойын арқылы баланың қызығушылдығын арттыру» атты Ашық есік күнін өткізді.

Қатысқан ата- ана саны -1, педагог-5

**1**.Қабылдау барысында ата-анамен байланыс орнатылды.

**2**.Ойын іс-әректі заттық дамытушы ойындарына жанаспауы, баламен байланыс,тіл байлығы аз жүргізілді.

**3**.Ас отырғызу,гигена шарасы орындалды

**4**.Ұйымдастырылған іс-шарасында кіріктірілген іс-әрекет ойыны арқылы ұйымдастырылды ,онда бала жасына сәйкес әдістер қолдану барысы қамтылмады Берілген ойындарды дұрыс орындауға балаларды машықтануы аз.

**5**.Серуен,ұйқы ашар жаттығулары бір қалыпты жүргізілді.

**6**.Психолог, ән жетекші,үйірме жетекшілерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттері бір сарынды жүргізілді

**7**.Күннің екінші жартысында дербес ойындар аз қамтылған , ата-анамен байланыста болып балаларды қайтарылды.

**Қортынды:** Ашық есік күні өте төмен деңгейде өткізілді. Педагогтың дайындығы аз ,балалармен байланыс, сөздік қоры аз, көптеген ізденіс шығармашылық талап етіледі, ата-анамен байланыста жиє орнату керек. Алдағы уақытта көп жұмыс жасау керек.

**Әдіскер:** А.Айғабыл

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_______ Л.Бакешова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_______ А.Айгабыл

# Келді бізге Алтын күз

Тобы: Ересек «Айзере» тобы.
Тәрбиешілер: Жәдігер С.
Айжігітова Г.

2022 – 2023 оқу жылы

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін

Балабақша меңгерушісі

_________ Л.Бакешова

Тексерілді

Балабақша әдіскері

_________ А.Айкабыл

# Келді бізге Алтын күз

Тобы: Ересек «Айзере» тобы.

Тәрбиешілер: Жәдігер С.

Айжігітова Г.

2022 – 2023 оқу жылы

**Тақырып: «Келді бізге Алтын күз».**

**Мақсаты:**Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:**Шар,жапырақ,түрлі-түсті арақаь

**Жүргізуші:** Армысыздар,халайық,

Бармысыздар ,халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Келді бізге Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Бүгін мейрам,бүгін той

Қуанышты күн біліп қой

Күзгі бақтай сыңғырлап

Алақанды соғып қой

Баршаңызды бүгінгі алтын күз мерекесімен құттықтай отырып! Күз бақыт, береке әкелсін!-деген тілекпен »Айзере» ересек тобымыздың өнерлерін тамашалап отырыңыздар.

Ең алдымен ертеңгілігімізді ашып алу үшін балабақшамыздың меңгерушісі Бакешова Лаура апайға сөз береміз.

Сізге көп-көп рахмет апай!

**Жүргізуші:** Астық жеміс жиылды

Қамбамызға құйылды

Ардақты күз мың алғыс

Алдық өнім сыйыңды,келесы кезекте әнімізге берейік.Айнараның орындауында «Күз келгенде» әні. Қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:**Жарайсың Айнара!Керемет тамаша.Өнерің өрге жүзсін.

Шөп сарғайып .

Өні тайып.

Дала сұры кашады

Бой жаза алмай,

Денен мұздап тоңады

Айтшы кане Балалар

Бұл кай кезде болады?

Ал ендеше келесі кезегімізді біз мың бұралған биші кыздарымызға берейік.

Би «Лента» биі.

**Жүргізуші:**

Қазан болды молшылық

Дәулет корын калады

Заңғар көкке жол сызып,

Құстар кайтып барады

Бұл кұбылыс балалар

Күзде ғана болады.

Келесі кезегімізді тобымыздың әнші кызы Баймырза Раянаға береміз.

Өн «Қолшатыр».

**Жүргізуші:**Керемет, жарайсың!

Келесі кезекті тобымыздың бір топ балаларына береміз күз туралы такпактарын айтып берсін.

**Азамат**.Өн салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайык
Би билейік, ойнайык.

**Б Раяна.** Күн суытып
Жапырактар түседі.
Астық - жеміс жиылды.
Қамбамызға құйылды.

**Мағжан** .Құстар кайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

**Зарина**.Алакай! Алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті, дән пісті.

Айтамыз алғысты.

**Алия**.Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

**Айнара.**Алтын, сары, қызыл,көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

.

**Аянат.**Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

**Жүргізуші**:Жарайсыңдар балалар Керемет!

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз,алтын күз

Дәнге толы кең далам

Дариядай шалқар күз,келесі кезекті жігіттеріміздің биіне береміз.

Би «Тамшы биі» тамашалап отырыңыздар.

**Жүргізуші:**Жарайсыңдар өте керемет!

Келесі кезегімізді балаларымыздың тақпақтарына берсек.

**Мали.**Көбейді құт –береке

Астық толы қоймамыз.

Құтты болсын мереке,

«Алтын күзді»тойлаймыз

**Айым.**Күзде дала жаурайды,

Көкте бұлттар аунайды.

Бұтағынан үзіліп,

Жапырақтар саулайды.

**Камшат**.Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр - сыбдыр түседІ

**Бисұлтан**.Сап - сары маңай,
Сап - сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып,Келесі кезекті тобымыздың бір топ биші жігіттерімізге береміз.Би «Қырманға кел қалқатай» тамашалаңыздар.

**Жүргізуші**:Жарайсыңдар жігіттер,өнерлерің өрге жүзсін.

Рахмет, балалар өнерлеріңе

Уақыт өтпес бірліксіз

Бақыт келмес тірліксіз.

Талмай еңбек етіңдер

Қыстан аман өтіңдер!

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Қош болып тұрыңыздар көріскенше

Осымен концертіміз аяқталды.Келесі өнеріміз Хор «Алтын күз» қабыл алыңыздар.

«Келді бізге Алтын күз»атты іс-шарамызды көріп тамашалағандарыңызға көптен-көп рахмет айтамыз.

«Айзере» ересек тобы

# Келді бізге Алтын күз









Тәрбиешілер: Жәдігер С.
Айжігітова Г.

Нұрай» жеке балабақшасы
Алтын күзге байланысты
іс-шарасына

**Анықтама**

10.11.2022жылы «Айзере» ересек тобы ,балабақшада топтар арасында күз мерекесіне орай ертеңгілігінде **«Келді бізге Алтын күз»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Ертеңгілік барысында ән, билерімен , такпақ шумақтары жақсы орындалды. Балалар мен тәрбиеші арасында дайындық өте жақсы.. Қорғынды сөзді ата-аналар балаларға алғысымен жылы лебіздерін айтып, қортындылады

**Әдіскер:** **А.Айғабыл**

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_________ Л.Бакенова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_________ А.Айғабыл

# Тіс щётка патшалығы

Тобы: Ересек «Айзере» тобы.
Тәрбиешілер: Жәлігер С.
Айжігітова Г.

2022 – 2023 оқу жылы

# Тақырыбы: «Тіс щётка патшалығы»

**Мақсаты**: Балаaларға тіс туралы түсінік беру. Суреттер арқылы әңгімелеу. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, жеке басының гигиенасын сақтауға тарбиелеу.

**Көрнекілігі:** суреттер, тіс пастасы, щеткасы, тіс макеті.

**Әдіс – тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ –жауап, қорыту.

**1.**Балалар бізге бүгін қонаққа апайларымыз келіп қалды. Апайлармен амандасып алайық Сәлеметсіздер ме? Бүгінгі біздің «Тіс щетка патшалығы» атты ашық оқу қызметімізге қош келдіңіздер.

9 ақпан – Халықаралық тіс дәрігер күні. Бұл мереке жылдан жылға кеңінен танылып келеді. Тістің негізі қызметі – тамақты шайнау. Адамның ауыз қуысында 32 тіс бар. Балалар тісті жақсы сақтау үшін тәттіні көп жемеу керек, тәтті тіс жегісі (кариес( ауруын тудырады. Тіс жегісі тістің қатты эмалын жеп тастайды және түбірінде бұзады. Тісіміз мықты болу үшін «С» және «Д» дәрумені бар тағамдар жеген дұрыс. Ол ағзадағы кальцийдің сақталуына көмектеседі. «С» дәрумені жеміс, көкөністерде болады. «Д» дәрумені балық, ірімшік,сүт, айран, уылдырық тағамдарында болады.

**2.Көрініс «Тіс ауруы»** (балалар және мед сестра апай)

**3.**Интеративтік тақтаға назар аудару (тіс туралы мультфильм тамашалау)

**4.Балалар, тісіміз сау болу үшін мына ережелерді естеріңде сақтаңдар:**

1.Тісті күніне 2 рет тазалау.

2.Тамақтан соң ауызды шаю.

3.Ыстық тамақтан соң суық су ішпеу.

4.Қатты заттарды тіспен шақпау.

5.Тәттіні көп жемеу.

6.Тіс дәрігеріне жиі көріну.

7.Әркім өзінің жеке тіс щеткасын пайдалану.

**5. Дидактикалық ойын « Тазалық көмекшілерін жұмбақ арқылы тап».**

Шарты: Балалар жасырылған жұмбақтың шешуін сурет арқылы тауып, тақтаға іледі.

1 Дымқылдап күнде сен

Қолыңа сүйкесең,

Кетіп кір – ласың

Тап – таза боласың.

Бұл не? **(сабын)**

2 Шомылған баланы,

Аймалап алады.

Сипайды қолында,

Сипайды жонында. Бұл не? **(сүлгі)**

3 Иілсең иіліп,

Түйілсең түйіліп. Бұл не? **(айна)**

4 Аузы жоқ, көзі жоқ,

Тілі жоқ, сөзі жоқ.

Бірақта тісі бар,

Шашыңмен ісі бар. Бұл не? **(тарақ)**

5 Белінен қыссаң,

Аузынан ақ уыз шығады. Бұл не? (**тіс пастасы**).

6 Өзі аппақ маржандай

Тамақ өтпес шайнамай. Бұл не? **(тіс).**

**6. «Пазл» құрастыру**

**7.Қорытынды:** Балалармен сұрақ – жауап жұмысы жүргізіледі.

**Қоштасу Сау болыңыздар!**

# Тіс щётка патшалығы

## «Айзере» Ересек тобы



**Тәрбиешілер: Жәдігер С.**
**Айжігітова Г.**

**2022жыл**

**«Нұрай» жеке балабақшасында**
**Денсаулық күніне**
**іс-шараның өтілу барысы**

# АНЫҚТАМА

**20.10.2022ж « Айзере» ересек топ «Тіс щетка патшалығы» атты тәрбие сағаты**

**Мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібі туралы білім беру.Тіс күтімі туралы түсіндіру,тіс щеткасымен түрлі ойындар ойната отырып тазалықты бекіту .Балаларға деген қызығушылдарын оята отырып, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу,зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен шұғылдану, уақытылы тамақтану. Балаларға топтағы,үйдегі тазалықтары туралы айту,жеміс - жидекті жуып жеу, қол жуып деген сияқты ережемен тазалақты меңгерткен.

**Қортынды**..Мектеп жасына дейінгі балаларды міндетті түрде ұқыптылық пен тазалыққа, тәрбиелілікке дағдыланған Осы жастағы балалар мәдени- гигиеналық дағдыны тез қабылдап, оңай және тез игеруде. Мақсатына қарай балаларды ойын арқылы тәрбиелеуге қалыптастырылған.Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өткізілді

**Әдіскер:** **Айғабыл А**

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_________ Л.Бакешова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_________ А.Айгабыл

# Ашық есік күні

## Балабақшада заттық-дамытушы ортаның ойын арқылы балаға тиімділігі

«Айзере» ересек тобы.

Тәрбиеші: Жадігер С.

2022 – 2023 оқу жылы

# Ашық есік күні

**Мақсаты:** Ата-анамен бірлесе отырып, баланың күні бойы не жасайды,не үйренеді деген сұраққа жауап алады.

**Тақырыбы:** Балабақшада заттық – дамытушы ортаның ойын арқылы балаға тиімділігі.

**Балаларды қабылдау:** Сәлемдесіп,балаларды смайлик арқылы көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.

**Үстел үсті ойын:** Пазл,дене бөліктерді табу,пішіндерді түстеріне қарай табу,түстеріне қарай ойыққа орналастыру.

**Таңғы жаттығу:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын айту.

Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешенін жасау.

Ас алдында гигиеналық шараларды орындау қолды дұрыс жуу,өз орамалының орнын білу,қолды дұрыс сүрту,орамалды ілу.

Ереже

Тамақ ішер кезде енді,

Сөйлемейміз күлмейміз.

Астан басқа өзгені,

Елемейміз,білмейміз.

Гигиена шарасын сақтау.

Үйірме жұмысы. Үйірме жетекшісі Беденова Г. «Ұлттық асық»

«Сиқырлы асық қолғабы».

Шаттық шеңбер:

Аманбысың,алтын күн!

Аманбысың,жарқын күн!

Маған жылу,жарық бер,

Қуанышпен шаттық бер.

Балалардан мамандық түрлерін көрсетіп, сұрау.

Заттық дамытушы ортаға ойын арқылы ойнату.

Сергіту сәті.Көңілді әнмен.

Әр заттық дамытушы ойыннан сұрақ жауап алу.

Бағалау (қолмен көрсету арқылы)

Сергіту сәті:Қолымдағы ойыншыққа қарап,қимылды қайталау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке көшеміз.

«Құрылыс» ойыны.Мақсаты:губка мен гуаш арқылы кірпіштерді қалау.

«Шаштараз» ойыны.Мақсаты:шаш үлгісімен қию.

«Ұстаз» ойыны.Мақсаты:ұстаздың құралдарын санау.

«Ыдыстар» ойыны.Мақсаты:ыдыстар орнын ермексазбен толтыру.

Сергіту сәті:музыка ырғағымен.

Әр ойынды смайлик арқылы бағалау.

Музыка жетекшісі:Жетеулиева Т.

Серуен:құстарға бақылау жасау.

Ойын іс іреке: қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»

Серуеннен оралу.Гигиена шара қолдану.

Балаларға мақал-мәтел жаттатқызу.

1.Бал ұстаған бармағын жалар.

2.Шеберді саусағы асырайды.

Гигиена шарасы

Түскі ас

Гигиена шарасын сақтау.

Түскі ұйқы.Баяу ән тыңдау арқылы ұйықтау.

Ұйқыдан тұру.Ән арқылы балаларға ұйқы ашар жаттығу жасату.

Гигиена шарасы

Бесін ас

Гигиена шарасы.

**Күн тәртібіндегі келесі кезең психолог жұмысы.**

**Қимылдық ойын: «Жаңбыр мен күн» ойыны.**

**Гигиена шарасы.Кешкі ас.Гигиена шарасы**

**Күннің жартысын,ата-ана ертегі оқып жалғастыру.**

**Балалардың үйге қайтуы,ата-анамен бүгінгі күн туралы әңгімелесу.**







# Заттық дамытушы орталық. Ашық есік күні

"Айзере" ересек тобы



Тәрбиеші: Жәдігер С.

01.12.2022ж

«Нұрай» жеке балабақшасы

# Менің Отаным - Қазақстан

Тобы: Ересек «Айзере» тобы.

Тәрбиешілер: Жәдігер С.

Айжігітова Г.

Тақырыбы:Менің Отаным - Қазақстан!

Мақсаты: Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Өз елін, жерін сүюге, байлығын қорғауға, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата – аналар, апайлар және балалар?! Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен «Айзере» ересек тобы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыларыңызға бақыт, денсаулықтарыңызға саулық, еңбектеріңізге жеміс тілейміз!
Еліміздің Мемлекеттік әнұраны орындалсын.
**1.Әнұран**
Іс шарамызды ашу үшін балабақша меңгерушісі Бакешова Лаура апайға сөз береміз.
Құрметті қонақтар! «Менің Отаным –Қазақстан» атты мерекелік іс шарамызды ашық деп жариялаймыз, мерекелік шат көңілмен тамашалаңыздар.
Тәрбиеші: Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?
Балалар: Қазақстан Республикасында.
Тәрбиеші: Біздің ұлтымыз кім?
Балалар: Қазақ.
Тәрбиеші: Біз қай тілде сөйлейміз?
Балалар: Қазақ тілінде.
Тәрбиеші: Біздің президентіміз кім?
Балалар: Қасым Жомарт Кемел ұлы Тоқаев.
Тәрбиеші: Біздің еліміздің бас қаласы қай қала?
Балалар: Астана қаласы.
Тәрбиеші: Балалар, Отан деген не?
- Адамның туып өскен жері, туған - туысқандары, біз тұратын атамекен.
- Біздің Отанымыз Қазақстан.
Балалар, Қазақстан туралы өлеңдер оқып, елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.
**Мағжан:** Қазақстан туған жерім киелі
Қасиетіңді қастерлеп басымдыда иемін
Табиғатым тұнып тұрған қазына
Соның бәрін аялаймын,сүйемін.
**Ибрахим:** Сарқылмайтын қуатым
Тірегімсің Қазақстан
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің Қазақстан.
**Нұриман:** Қазақстан көк байрақты нұр елің,
Сен дегенде лүпілдейді жүрегім.
Өзің менің қуанышым, бақытым,
Өзің менің мақтанышым тірегім.
**Сағадат:** Бойымызда қайрат,тұрғанда сенім
Құрбаның болам, жолыңда сенің
Құлпырып мәңгі жасай бер жаса
Сүйікті отан, сүйікті елім.
**Бисұлтан**: Қуат алған өзіңен,
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін.
**Б.Раяна:**Отан жерім,Отан суым
Отан қуат нәр береді
Отан ұран,Отан туым
Отан мәңгі гүлденеді.
**Мади:**Отан деген атамекен
Отан деген туған жер
Отан ана ,Отан үлкен
Қазақстан туған ел.

**Зарина:** Қадамың бар баспаған
Асуың бар аспаған
Халқым жетсін мұратқа
Ей бас қала –Астана.
Жарайсыңдар балалар, керемет.

**2**.Айнараның орындалуында «Туған ел Қазақстаным» атты әнді қабыл алыңыздар.

**3**. Келесі өнер көрсететін бір топ сұлу биші қыздарымыз (Б.Раяна,Зарина,Камшат,Е.Раяна, Айым, Шахназ) жарайсыңдар қыздар керемет өнер көрсеттіңдер.
**4**.Балалар,Қазақстанның Мемлекеттік рәміздеріне Ту, Елтаңба және әнұран жатады. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай көгілдір,ортасында күн,астында бүркіт ұшып келе жатыр.
Елтаңбамызда шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу бар. Үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады.

Ендеше балалар рәміздер туралы жаттауларымызды айтып берейік.
**Камшат**: Көк аспандай көкпенбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен тек
Елдің ашық қабағы.
**Әлия:** Арымыздай топ таза
Жанымыздай шуақты.
Көтерілді биікке
Қазақстан байрағы.
**Аянат**: Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.
**Айнара:** Зеңгір аспан көгілдір
Алтын күні төрінде.
Тамылжытып төгіп тұр,
Шаттық сыйлар көңілге.
**Айым:** Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды.
**Нұрислам**:Барша халық таныған
Біздің үміт, тілекті
Шырқалғанда әнұран
Шаттық сыйлар көңілге.
**5**.Жарайсыңдар балалар. Керемет.
Келесі өнер көрсететін ұлдарымыз(Азамат,Нұрислам,Нұриман,Нәдір,Абдулазиз, Мади, Оңғар) жарайсыңдар балалар, тамаша өнер көрсеттіңдер.

**6**.Хор. «Қазақстан бақытты» әні.
**7**. Қорытынды бөлім.

Сәуле шашқан алтын түсті күні бар,
Екпіндеген қыран құсты үні бар.
Ою басқан мөп - мөлдір көк аспандай,
Қазағымның желбіреген туы бар – дей отырып, құрметті қонақтар, анайлар, балалар осымен «Менің Отаным - Қазақстан» атты іс шарамыз өз мәресіне жетті.
Мереке құтты болсын, балаларымыз Қазақстанның туын желбіретіп,биік шыңдардан көрінетін азамат пен азаматша болуға тілектеспіз!

## «Айзере» ересек тобы

# "Менің Отаным Қазақстан"









**Тәрбиешілер: Жәдігер С.**
**Айжігітова Г.**

**«Нұрай» жеке балабақшасында**
**«25 қазан Республика күніне орай»**
**атты ертеңгілік іс-шарасы**

**Анықтама**

24.10.2022 жылы ортаңғы «Айзере» тобының Республика күніне орай ұйымдастырылған «**Менің Отаным Қазақстаным**» тақырыбындағы ертеңгілік іс-шарасы өткізді.Іс-шара барысында күнің түсіндіре отырып, қазақ халқының тарихта есте қалатын күн екенін айта өтті. Тақпақтарымен әндерін орындап шықты. Балалар тәрбие сағатына қызығушылдықпен қатысып отырды.

**Әдіскер:** **А.Айғабыл**

“Нұрай” жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі: Бакешова Л.

Тексерілді:

Балабақша әдіскері: Айғабыл А.

# *“Ана – гүл, ана – жыр, ана – өмір”*

*Тәрбие сағаты*

**“Айзере” ересек тобы**
**Тәрбиешілер: Айжігітова Г.**
**Әбілғазы Г.**

**2023 жыл**

**Тақырыбы: «Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы»**

**Мақсаты:** Кішкентай бүлдіршіндерімізді отбасымен қарым-қатынасы,Ананы сыйлауға, «Ана»деген ұғымды тереңірек түсіндіру,балаларды тәрбиелеу,балаларды мерекелік іс-шараларға дайындау.

**Жүргізуші**: Қош келдіңіздер, қымбатты ұстаздар, аяулы аналар, шуақты арулар.Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, әйелдер күні келіп қалды. Қадірлі қонақтар, асыл аналар және де біздің «Нұрай» ұжымының аяулы аруларын «8-наурыз Халықаралық Әйелдер күні»мерекесімен құттықтаймыз.Сіздерге әрқашан сыр бермес денсаулық,өмірдің шапағатын тілейміз! Бұл күні өздеріңізге бағытталған барлық тілектер періштенің құлағына шалынсын, әрдайым мейірім шуағын шашып жүре беріңіздер.Әрине аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

Сіздерден өскен балалар,

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті абзал аналар!-дей келе, алтын құрсақты асыл ана, жүрегі кең, қолы қайырымды, айналасына мейірім шуағын төгіп жүретін балабақшамыздың меңгерушісі Лаура Қоныскызына сөз кезегін берейік.

**Жүргізуші:** Ыстық лебізіңізге рахмет! Ендеше, «Айзере» ересек тобының бүлдіршіндері Айнара мен Нурисламға ән кезегін берейік. «Анашым»әні қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:** Айнара, Нурислам рахмет, өнерлерің өрге жүзсін.

Ал балалар!
Ойнайық та күлейік.
Кәне енді бұрылып
Би билеуге тұрайық, ендеше, балалардың еркін биі ортамызға бір топ бүлдіршіндерімізді қабыл алыңыздар.

(Нұрайым-Азамат, Ясина-Сағалат, Сара-Мәди, Е.Раяна-Абдурахим, Шахназ-Ибрахим.)

**Жүргізуші:** Ой керемет балалар, рахмет. Ендеше, балаларымыздың мерекелік тақпақтары қабыл алыңыздар. (Айбосын Айбар, Абдурахим, Мұхаммедәли, Алимансұр, Аянат, Бисұлтан, Шахназ, Камшат, Мәди, Нұрайым, Айым, Ясина, Азамат, Баймырза Раяна.)

**Жүргізуші:** Мерекеге арналады бүгін билер ,

Көтерілсін канекей,көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір қыздар биі

Қол соғып демеу берер көрермендер-дей отырып келесі кезекті мың бұралған қыздарымыздың «Гүлдер» биіне берейік. (Камшат, Айнара, Айым, Әлия, Б.Раяна, Зарина)

**Жүргізуші:** Керемет, қыздар, тамаша!

**Ана** дейміз біріміз де аңқылдап,
ана дейді жас сәби де жарқылдап,
**ана** деген бәйтерегі өмірдің,
**ана** деген алтын қазық алтын бақ-демекші, келесі кезекті әнімізге берейік.

«Ана» деп ән салам» Б.Раяна,Әлия

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар, қыздар! Келесі кезекті бір топ бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік. ( Айнара, Әлия, Нұрислам,Нуриман, Сағадат,Ибрахим.)

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар!

Ана– жұмақ, мен – шуақ, саябағы,

Ана – шырақ, мен – мен сұрақ санадағы,

Ана – теңіз, мен – қайық тербетілген,

Ана – бұлақ, мен – құрақ жағадағы-дей келе, келесі кезекті әнімізге берейік.

«Анашым»әні: Зарина, Ибрахим

**Жүргізуші:** Керемет, балалар!

Флешмоб биі. (Нәдір, Әмина, Бисұлтан, Аруназ, Есет Айбар, Айару, Нуриман, Медина,Оңғар, Нурәли.)

**Жүргізуші:** Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз-деп, өзінің әжесіне деген махаббатын әнмен жеткізуге ортаға Кәмшатты шақырайық. «Менің әжем – дара» әнімен.

**Жүргізуші:** Жарайсың, Кәмшат, керемет. Өнерлерің өрге жүзсін! Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Абдулазиз, Расул, Айбосын Айбар, Нурислам аналарымен ортаға келсе өз өнерлерін көрсетсе дейміз. (Би аналарымен.)

**Жүргізуші:** Қандай бала болмайық,

Анамызға балдаймыз.

Көтерейікші көңілін,

Ән салайық бәріміз.

«Хор» қабыл алыңыздар.

Құрметті Қонақтар осымен біздің мерекелік кешімізде аяғына жетті. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет!






**“НАУРЫЗ – АНА, НАУРЫЗ – ЖЫР” АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАМЫЗ.**
**“АЙЗЕРЕ” ЕРЕСЕК ТОБЫ**






*«Нұрай» жеке балабақшасында*
*8-Наурыз Аналар мерекесіне орай*
*ертеңгілігіне*

## *Анықтама*

*03.03.2023ж «Айзере» ересек тобы*

*Тәрбиешілері: Айжігітова Г.Әбілғазы.Г*

*Тақырыбы: «Ана-гүл,ана-жыр,ана-өмір шуағы»*

*8-Наурыз ертеңгілігі барысында балаларға аналарды сыйластық құндылығы туралы таныстырып түсіндірді. Ән, билерімен көріністер орындалды,өте тамаша орындалып шықты. Балалар мен тәрбиеші арасында дайындық өте жақсы. Қортынды сөзді меңгеруші Лаура Қоныс қызы және аналардың балаларға алғысын айтып,балаларға жылы лебіздерін білдіріп қортындылады*

*Балабақша әдіскері:* *А. Айғабыл*

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:
_______ Л.Бакешова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:
_______ А.Айғабыл

# «Толағай»

**отбасылық сайысы**

**«Айзере» ересек тобы**

**Тәрбиеші: Айжигитова Г.**

**Әбілғазы Г.**

2023 жыл

**Тақырыбы: «Толағай»** отбасылар сайысы

**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-анамен бала арасында спорт мәдениетін кең тарату. Оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру. Салауаттану – адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** түрлі-түсті шарлар, доптар, кедергілер,қаптар, ысқырық, плакат, түрлі-түсті бояулар.

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, ата-аналар, тәрбиеші апайлар! Бүгінгі « Толағай» отбасылар сайысына қош келдіңіздер! Әрбір Қазақстан азаматының алдына қойған басты мақсаты өз елінің, жерінің, халқының денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету болып табылады. Адам баласының спортпен шұғылдануы басты міндеттерінің бірі болу керек.

**Тәрбиеші:** Әр таңды бақытпенен атырамыз,
Өнерді ой көгінде бақылаңыз.
Сайысқа қатысуға енді ортаға
«Толағайға» қатысатын,
Отбасыларын шақырамыз.
(әр отбасы орындарына келіп тұрады да, өздерін таныстырады)
1-топ: «Қыран» тобы

Топтың ұраны: «Қыран құстай самғаймыз,
Жарыстан біз қалмаймыз!»
2-топ: «Бүркіт» тобы

Топтың ұраны: «Бүркіттей самғаймыз,

Биікке самғаймыз!»
3-топ: «Сұңқар» тобы

Топтың ұраны: "Бәріміз біріміз үшін,
Біріміз бәріміз үшін".

**Тәрбиеші**: Ал, құрметті халайық!
Жарысты енді көріңдер
Әділ қазы алқасы
Әділ баға берiңдер!
Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

---

Спорттық сайысымыз «5» балдық жүйемен бағаланады.

**Тәрбиеші:** Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ. Әр отбасында ата - ана шаңырақтың негізгі іргетасы болып есептелінӗді. Сондықтан, бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда әке мен ананың рөлі орасан зор.

Енді сайысымыздың кезеңдерімен таныс болыңыздар.

1) «Кенгуру» (қаппен кедергілерден өте отырып, секіріп, айналып қайта келеді. Қапты келесі отбасы мүшесіне беріп, кезек-кезек айналып келеді.)
2) «Дәлде» (секірмекпен кедергілер арқылы секіріп келіп, ілініп тұрған шарларды атып, жару керек, осылай отбасы мүшелері айналып келеді.)
3) «Қоянға сәбіз жинаймыз» (сомакатпен кедергілерден өтіп, бір-бір сәбізден ала отырып, себетке жинаймыз)
4) «Кім мықты?» (допты кедергілерден өту арқылы, отырып жүріп домалату, отбасы мүшелері айналып отырып орындайды.)
5) «Қағып ал» (балалары отырып, шеңбер ішінде жиналған шағын доптарды лақтырады, ал ата-аналары себетке дәлдеп, қағып алады, доп таусылғанша балалары лақтырады.)
6) «Біздің отбасы» (плакатка акварельдің көмегімен сурет салады, сурет «отбасы» тақырыбында болады және оның мағынасын толық түсіндіріп, айтып беруі тиіс, қандай сурет салғандары туралы баяндайды.)

Тәрбиеші: сайыс шарттарымен таныс болсақ, бастайық, баршаңызға сәттілік!

**Тәрбиеші:** Жарыс заңы ежелден -
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол -
Еңбектену, жалықпау
Біреу озса сайыста,
Біреу артта қалады
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады, - демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.

**Тәрбиеші:** Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!
Өмірде бақыттысың денің сау да.
Денсаулық терең бақыт деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші
Құрметті қонақтар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет!

**“Толағай” отбасылар сайысы**
**“Айзере” тобы , 29.03.2023 ж**



“Нұрай” жеке балабақшасы

**Бекітемін:**

**Балабақша меңгерушісі: Бакешова Л.**

**Тексерілді:**

**Балабақша әдіскері: Айғабыл А.**

# “Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың дағдыларын дамыту”

***Ашық оқу іс-әрекеті***

**Тәрбиеші: Әбілғазы Г.**

**2023 жыл**

**Тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың дағдыларын дамыту**

**Тәрбиеші:** Әбілғазы Г.

**Күні:** 24.05.2023 ж

**Мақсаты:**

- Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамыту;
- Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсу;
- Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

**Әдіс тәсілі:**

- АКТ;

**Қолданылатын құралдар:** АКТ, фетрдан жасалған секірмек ойындар, кубиктер, аппликацияға арналған қағаздар, қайшы, желім, қамыр, оқтау, нантақтай, асықтар, сүт.

**Барысы:**

- Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Көңіл-күйіміз керемет.
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қазір жылдың көктем мезгілі.
- Иә, балалар, көктем мезгілінің соңғы айы. Балалар, ауа-райы қандай?
- Ауа-райы ыстық.
- Балалар, қазір сендерге бір мультфильм кейіпкерлерін айтам, ал сендер қай мультфильм екенін табасыңдар, жарайма? Бауырсақ, домбыра, ısық, қымыз, құрт, бұлар қай мультфильм кейіпкерлері?
- Бұл «Қазақтың мақтанышы»деген мультфильм.
- Жарайсыңдар, балалар, енді осы мультфильмді бір еске түсіріп, көріп алайық.
- Балалар, мультфильде не көрдіңдер, олар неге таласты?
- Олар «Қазақтың мақтанышы» қайсысы болатынына таласып, трактордан, қыран құстан, бәйтерек ағаштан, Астана қаласындағы бәйтеректен төрелік шешім іздеп шықты. Соңында олардың бесеуіде

нағыз мақтан тұтар, ата-бабамыздан қалған мұра екендеріне көздері жетті.

- Енді балалар, қазір біз, сол мақтаныштардың бізге дайындаған ойындарына саяхатқа барамыз. Ал ол үшін «Түрлі-түсті оюлар» ойынын ойнаймыз. Оны мына керемет кубикті лақтыру арқылы орындаймыз. Яғни, кубикті лақтырғанда қандай ою түссе, сол оюмен секіріп шығамыз. Ойын түсінікті болса, бастаймыз.
  (Кубикпен ойын ойналады)
- Енді, балалар, барлығымыз секіріп болсақ, «Көкжиекті бағдарлау» ойынын ойнаймыз. Ол ойында сендер жаңа көрген мульфильмдегі кейіпкерлерді табасыңдар.
  (Бауырсақты, домбыраны, қымызды, асықты, құртты көріп тапқан балалар 4 досын таңдап топқа бөлінеді )
  1. «Құрт» суреті бар, «Кім жылдам?» ойын орталығы – мұнда балалар құрт санына байланысты саусақтарды, кесені, сандарды сәйкестендіріп, қойып шығады.
  2. «Домбыра» суреті бар, «Менің домбырам» ойын орталығы – алдарына домбыра суреті бар қағаз беріледі, сол домбыраны қиып алып, киіз үй іші бейнеленген суретке жабыстырады. Және домбыра ішегін де желіммен орналастырады.
  3. «Бауырсақ» суреті бар, «Мен аспазшымын» ойын орталық-камырды оқтаумен жайып, берілген құралмен домалақ етіп кесіп бауырсақ дайындайды. Бұл ойында балалар аналарына көмектеседі.
  4. «Асық» суреті бар, «Алтын асық» ойын орталығы – алдарына гүл суреті бар парақ беріледі, онда 1 ден 5 ке дейінгі сан жазылған. Сол сандарға сәйкестендіріп, гүл сабағына асықтарды өткізіп шығады.
  5. «Қымыз» суреті бар, «Жылдам тап» ойын орталығы – алдарына сүт құйылған ыдыс беріледі, онда магниттен жасалған шыбын-шіркейлер жасырынған. Балалар магнит таяқшасының көмегімен сүтті шыбын-шіркейден тазарту керек.
- Әр ойын орталығынан жеке-жеке ойын нәтижелері сұралады. Және бір-біріне қолдың бас бармағын көрсету арқылы «Жарайсыңдар» деп баға беріледі.
- Ал, балалар, қазір біз бүгінгі ашық оқу іс-әрекетін қорытындылау үшін «Не жасырулы тұр?» деген ойын ойнаймыз. Ол үшін кезекпен мына кубикті лақтырып, түскен сан бойынша тақтадан ұяшық ашамыз. Ол ұяшықта не жасырылғанын табамыз. Тапқан балаға «Жарайсың» деп баға береміз.

**Күтілетін нәтиже:**

- Балалар қазақтың ұлттық өнімдерімен, ата-бабадан қалған мұрасымен толық танысып біледі, атай алады.
- Емін-еркін 1-ден 5-ке дейін санай алады, сандарды таниды.
- АКТ көмегімен ойындар ойнай алады, қолдана алады.

  **Қорытынды:** Балалар ашық оқу іс-әрекетінде белсенділік танытты. Берілген ойындарды қызығушылықпен орындады.







**“Айзере” ересек тобы**
**“Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың дағдыларын дамыту”**




*«Нұрай» жеке балабақшасында*

*ұйымдастырылған ашық есік күніне*

## *Анықтама*

*16.02.2023 жылы Педагог-психолог Тлеубергенова Мөлдір*

*Тақырыбы: «Көңілді әлем»*

*Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын сәйкес жұмыс көрсете білді.Ойын іс-әрекетінде ата-анамен бірлестік жұмыс болды.ПМК тіркелген тәрбиеленушілерімен жұмыс көрсеттті. Іс-әрекетінде ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып,ауызша сөйлеу машығын игерді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп,ақыл-ойы өсіп жетіледі,әрі адамгершілік қасиеттерді бойына көре алдым. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын сәйкес жұмыс көрсете білді. Жақсы деңгейде өтілді*

***Әдіскер:*** ***А.Айғабыл***

«Нұрай» жеке балабақшасы

**Бекітемін:**
**Балабақша меңгерушісі:**
**________ Л. Бакешова**

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері:**
**________ А.Айғабыл**

# *Ашық есік күні*

## *«Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру»*

«Айзере»ересек тобы

Тәрбиеші: Айжігітова Г.

2022-2023 оқу жылы

# *Ашық есік күні*

**Мақсаты:**Ата-анамен бірлесе отырып,баланың күні бойы не жасайды,не үйренеді деген сұраққа жауап алады.

**Тақырыбы:**Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру.

Балаларды қабылдау:Сәлемдесіп,балаларды керемет көңіл-күймен,әр түрлі ойыншықтармен қарсы алу.

Үстел үсті ойыны:Пазл,дене бөліктерді табу,пішіндерді түстеріне қарай табу,түстеріне қарай ойыққа орналастыру.

Таңғы жаттығу:Қазақстан Респуликасын мемлекеттік әнұранын айту.

Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешенін жасау.

Ас алдында гигиеналық шараларды орындау қолды дұрыс жуу,өз орамалының орнын білу,қолды дұрыс сүрту,орамалды ілу.

Ереже :Тамақ ішер кезде енді,

Сөйлемейміз күлмейміз.

Астан басқа өзгені,

Елемейміз,білмейміз

Гигиена шарасын сақтау.

Үйірме жұмысы:Үйірме жетекшісі Беденова Г. «Ұлттық асық»

«Сиқырлы асық қолбағы»

Шаттық шеңбер:

Аманбысың ба,Алтын күн!

Амансың ба Жарқын күн!

Амансың ба Достарым!

Сендерді көрсем қуанам!

Балалардан Жыл мезгілдерін сұрап,4мезгілдің Қыс мезгіліне тоқталып кеңінен таныстырып,қыс мезгілінде болатын құбылыстарды ажырату.

Дамытушы Орталыкка әр баланы қыс мезгілінің кейіпкерлерімен бөліп жайгастыру.Әр Дамытушы орталыктағы ойындармен таныстырып,қолмен көрсету арқылы бағалау.

Сергіту сәті:Түрлі қолдармен жасайтын жаттығулар жасау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке көшеміз.

«Балаларды киіндру.»Мақсаты:Берілген суретте балалардың киімін кигіземіз.

«Пуантализм»әдісімен сурет салу.Мақсаты:Таяқшамен берілген суретті бояу.

«Аяз ата».Максаты: Аяз атаның сақалын клеймен мақтаны жапсыру.

«Шырша безендіру».Мақсаты:Берілген шыршаның суретіне пласталин арқылы безендіру.

Сергіту сәті:музыка ырғағымен

Музыка жетекшісі:Жетеулиева Т.

Серуен:Мұзды бақылау.

Судың қалай мұзға айналатынын айту,мұзбен ойнайтынымызды айтып түсіндіру.

Серуеннен оралу.Гигиена шараларын сақтау.

Балаларға түрлі қыс туралы,жаттаулар айтқызу.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады, катады,

Жып-жылтыр боп жатады.

Гигиена шарасы

Түскі ас

Гигиена шарасын сақтау.

Түскі ұйқы.Баяу ән тыңдау арқылы баланы ұйықтату.

Ұйқыдан тұру.Ән арқылы ұйқы ашар жаттығу жасату.

Гигиена шарасын сақтау

Дамытушы Орталыққа әр баланы қыс мезгілінің кейіпкерлерімен бөліп жайғастыру.Әр Дамытушы орталықтағы ойындармен таныстырып,қолмен көрсету арқылы бағалау.

Сергіту сәті:Түрлі қолдармен жасайтын жаттығулар жасау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке көшеміз.

«Балаларды киіндру.»Мақсаты:Берілген суретте балалардың киімін кигіземіз.

«Пуантализм»әдісімен сурет салу.Максаты:Таяқшамен берілген суретті бояу.

«Аяз ата».Мақсаты: Аяз атаның сақалын клеймен мақтаны жапсыру.

«Шырша безендіру».Мақсаты:Берілген шыршаның суретіне пласталин арқылы безендіру.

Сергіту сәті:музыка ырғағымен

Музыка жетекшісі:Жетеулиева Т.

Серуен:Мұзды бақылау.

Судың қалай мұзға айналатынын айту,мұзбен ойнайтынымызды айтып түсіндіру.

Серуеннен оралу.Гигиена шараларын сақтау.

Балаларға түрлі қыс туралы,жаттаулар айтқызу.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады, қатады,

Жып-жылтыр боп жатады.

Гигиена шарасы

Түскі ас

Гигиена шарасын сақтау.

Түскі ұйқы.Баяу ән тыңдау арқылы баланы ұйықтату.

Ұйқыдан тұру.Ән арқылы ұйқы ашар жаттығу жасату.

Гигиена шарасын сақтау

Бесін ас

Гигиена шарасы

Күн тәртібіндегі келесі кезең психолог жұмысы.

Қимылды ойын.»Пішіндерді табу»

Гигиена шарасы.Кешкі ас. Гигиена шарасы

Күннің жартысын,ата-ана ертегі оқып жалғастыру.

Балалардың үйге қайтуы.


"Нұрай" жеке балабақшасы
"Айгере" ересек тобы. Ашық есік күні
"Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру"
Тәрбиеші: Г.Айжигитова
12.10.2022 ж
2022-2023 оқу жылы

«Нұрай» жеке балабақшасында

ұйымдастырылған Ашық есік күні

## Анықтама

**02.12.2022 жылы «Айзере» ересек тобында** тәрбиешісі: Айжигитова Гульсана. Ата-аналардың қатысуымен.Тақырыбы:«Ойын арқылы баланың қызығушылдығын арттыру» атты Ашық есік күнін өткізді.

Қатысқан ата- ана саны -1, педагог-5

**1**.Қабылдау барысында ата-анамен байланыс орнатылды.

**2.**Ойын іс-әректі заттық дамытушы ойындарына жанаспауы, баламен байланыс,тіл байлығы аз жүргізілді.

**3**.Ас отыргызу,гигена шарасы орындалды

**4.**Ұйымдастырылған іс-шарасында кіріктірілген іс-әрекет ойыны арқылы ұйымдастырылды ,онда бала жасына сәйкес әдістер қолдану барысы қамтылмады Берілген ойындарды дұрыс орындауға балалардың машықтануы аз.

**5**.Серуен,ұйқы ашар жаттығулары бір қалыпты жүргізілді.

**6**.Психолог, ән жетекші,үйірме жетекшілерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттері бір сарынды жүргізілді

**7.**Күннің екінші жартысында дербес ойындар аз қамтылған , ата-анамен байланыста болып балаларды қайтарылды.

**Қортынды:** Ашық есік күні өте төмен деңгейде өткізілді. Педагогтың дайындығы аз ,балалармен байланыс, сөздік қоры аз, көптеген ізденіс шығармашылық талап етіледі, ата-анамен байланыста жиі орнату керек. Алдағы уақытта көп жұмыс жасау керек.

**Әдіскер:** **А.Айгабыл**